

Оспанова Р.

**УАҚЫТША ЕРЕЖЕ НЕГІЗІНДЕ
СЕМЕЙ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ
ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ
УЕЗДЕР
ТЕРРИТОРИЯЛАРЫНЫҢ
ӘКІМШІЛІК- ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ
МЕЖЕЛЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Резюме

В статье рассматриваются проблемы административно-территориального размежевания уездов Семипалатинской и Семиреченской областей по Временному положению.

Resume

The article deals with the problem of administrative-territorial demarcation of districts of Semipalatinsk and Semirechensk areas of the Interim polpozheniyu.

Özet

Makalede Geçici kurallar esasında Semey ve Yedisu vilayetlerindeki ilçeleri sınırlarının idari ve bölgesel problemleri anlatılmaktadır.

1867 жылғы Уақытша Ереже негізінде басқарма мекемелерін құруда 1868 жылы Жетісу облысы басқармасы құрылады. Бұл өлкедегі барлық жоғары басқару орындарымен қатар, жергілікті халықтық басқармалар құру жоспарланады. 1868-1869ж. іс жүзіндегі жаңа құрылымдарда саяси-әкімшілік, қоғамдық және салық қатынасы анықталады [1].

Ал осы Семей облысының құрамындағы Аякөз, Көкпекті, Зайсан, Қарқаралы округының тұрғындарына “Уақытша ереже” (1868 ж.) негізіндегі басқару жүйесін енгізу алға қойылып, жер көлемін белгілеуге айқындама жасалады. Осы уақытша ережелерге сай Семей облысы құрамына енген жерлер осы басқару жүйесіне көшті. Осы ереже негізінде қайта құрылған Семей облысы, Көкпекті, Зайсан бекіністерімен бірге Сергиополь уезінің оңтүстік бөлігі Жетісу облысына, Сергополь уезінің солтүстік бөлігі Семейге қосылады [2].

1865 жылдың 24 маусымында Патшалық үкіметтен Семей облысының Зайсанның, Көкпектінің, Қарқаралының, Сергиопольдың округтық приказдарына келіп түскен қатынаста: “Барлық округтық Приказдарда ерекше комитеттер ашылсын” – делінген. Бұл құрылатын комитеттер заң жобасын құруға қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын негізге ала отырып құжаттар жинау керек болды. Бұл мәселе Батыс Сібірдің Бас басқарма Кеңесінің төрағасымен 1865 жылы 18 мамырда ұсынылған.

Алғашында комитет Зайсанда, Көкпектіде ашылғанымен Сергиопольда ашылмай, тек бұйрық етіп тапсырылады. Осы жылы 3 шілдеде Семей облысының басқармасының № 3353 бұйрығы бойынша Сергиопольда комитет ашылады [3].

Жоғарғы үкімет бұйрығымен қазақ өлкесінде зерттеу жұмыстарын іске асыруға 1865-1866 жылдары Гирс комиссиясы жіберіліп, ол қазақтарды басқаруда жаңа ереже бойынша жұмыс жасады. Бұл комиссияның қазақтарды басқару жобасы 1867 жылы Жетісу облысы құрылуы кезінен бастап іске асырылды [58;48,155,156п.]. 1868-1869 жылдары комиссия мүшелері уездердегі

үй саны мен адамдар санағын есепке алады. Осы кезде Сергиополь уезіндегі болыстық 13, ауыл 119, көшпенділер саны 26 960 болған. Орта есеппен болыстықтардағы үй саны 2074, ауыл 227 шамасында болғаны анықталған [4].

Аякөз уезін комиссия толық тексеріп, бағалап қорытынды жасауы керек болды. Сергиополь уезінің территориялық аумағы дала комиссиясы жобалағаннан үлкен екенін байқатты. Бірақ бұл округтың шекаралық шектерін анықтағаннан мынандай қорытындылар жасалды: Сергиополь округынан Ертіс өзеніне дейінгі жерлерді Жақыпбек, Байкөбек, Сыбандар, Күшік, Сарман, Уақтар бекінісіндегілер мекендеді. Сыбан және Тобықты болыстықтары қысқы және жазғы жайылымдық жерлері ретінде Ащы-су өзенінің сол жағалауын пайдаланды. Ал қалғандары Сергиополь уезінің өзінде Ақшатау тауларына дейінгі аралықты пайдаланды. Алдыжан тауларын Сыбандықтар иеленді. Жаңа шекараны белгілеуде Аякөз округының төрт тобықты руының қыстақтары Семей облысының құрамында қалтырылды. Сыбан руының қазақтары туыстарымен бір басқармада қалу үшін, бұндай жерлерді киюға баруларына тура келді. Сергиополь комиссиясына өз істерін Генерал Колпаковский жобалаған шекаралық округта жүргізу үшін бөлініп берілді.

Облыс архитекторы Уласевичтің баяндамасында, 1857 жылғы құрылыс ережесінің 12 томындағы 310 және 311 баптар бойынша Сібір және Орынбор бекіністерінен 130 шақырым жақын арақашықтықта еш мемлекеттік, жекеменшік, қоғамдық құрылыстың салынуына рұқсат жоқтығы айтылған. Сондықтан бекіністерге кейбір округтық қалаларды жақын орналастыру жобалары болса, олар алынатын немесе басқа жерге көшірілетін болды.

1867 жылғы Семей облысының кеңесі қарастыруында, Сергиополь, Қапал, Көкпекті қалаларының жайылымдық жерлері мен қалалардың орналасуы қала жобасында шаруашылық, сауда, полициялық және медициналық жағынан қолайлы деп көрсетілген [5].

1867 жылғы Семей мен Жетісу облыстары арасына шекаралық шек қою әкімшілік басқаруда және сауда қатынасында көптеген қолайсыз жағдайларды туғызды. Әсіресе, қазақтарды екі облысқа бөлгенде қазақ ауылдары арасындағы туыстық, рулық қатынастардың дұрыс бөлінбеуі дау және қақтығыстар шиеленісіне әкелді [6].

Уақытша ереже жағдайында қайта құрылған әкімшілік жүйе негізінде Семей және Жетісу облыстарының шекаралық шектерін белгілеу мәселесі қойылды. Оған басты себеп болған бөлінген жерді пайдалану негізінде Семей және Жетісу облыстарының қазақтары арасындағы шешілмеген даулы мәселелерден туындап отыр.

Далалық аудандардағы қазақтардың қоныстанған жерлерінде белгілі шекаралық меже болмаса, олардың арасындағы туыстық қатынастардың негізінде ауылдар бірігіп, кейіннен жер даулары туындап отырған.

Осы кездегі Семей және Жетісу облыстары арасындағы шекаралық келеңсіздіктер бұл облыстар құрылар алдында да даулы мәселе еді. Сергиопольдың солтүстік бөлігін Семей облысы құрамында қалтыру сауданы дамыту мақсатында жүзеге асырылды [7].

1867 жылы бекітілген заңдар жинағының 210 бабы бойынша Семей облысының жері сауданың даму орталығы болғандықтан, нотариус ашуға 4000 рубль қаражат бөлінген. Кейін бұл жерде сауда жолдарының кеңейіне байланысты нотариус кеңсесін ашуға 15000 рубль мөлшерінде қаражат бөлінсін деп қаралды [8].

Семей облысының уездерінің шекаралық шектерін анықтауда Аякөз жеке уез ретінде қаралмай тек үстірт шолуға ғана ілінген деген мәліметтер де бар [9].

1869 жылдың жазында Семей, Көкпекті, Қарқаралы уез шенеуніктері Семейден Жетісу облысына берілетін болыстықтар шекарасын жүріп өту керек болды. Бұның басы-қасында Сергиополь шенеунігі Гудановский болу керек еді, бірақ ол бұл шекаралық шек белгілеу қайта қаралуға қалдырылды деген сылтаумен қалыс қалады. Енді бұл мәселені Жетісу Әскер Губернаторымен Верныйға арнайы жіберілген Генерал-майор Безносиков, Сергиополь уезінің

5183 үй басын Семей облысы құрамына қаратып, бұл мәселеге қайта оралмастай қылып шешті. Сергиополь уез шенеунігі шекара шебі үстінде жатқан қазақтарға Семей облысы құрамына енбедер деп үгіт-насихат жүргізген екен. Осындай шиеленістерді түбегейлі жою үшін Безносиков өзі Сергиопольға сапарға аттанбақ болды [10].

Сергиополь уезінің солтүстік және батыс территориясында көшіп-қонып жүрген Қарқаралы, Семей уездерінің және Зайсан приставы қазақтары саны 1200 үй басына дейін барады. Сергиополь уезінің территориясы бұларсыз да өз жергілікті халқының өмір сүруіне тар еді. Өйткені бұл уез жерінің біршамасы орыс әскерлеріне бөлініп берілген және Барлықтың жарты бөлігі қытайларға берілген. Сергиополь уезінің Бақанас өзенінің бойымен Дәулет, Жаман-Лукентай, Үш-қызыл, Балхаш көлі маңындағы Аякөз болыстығында Қарқаралы уезінің Бақанас болыстығы, старшыны Байдақ Садыров, Бей-Түткіш-Тлеумен, старшыны Бай-Сұлтанов 300-400 киіз үйімен көшіп-қонып жүрген. Осы уездің солтүстік-шығысында Зайсан приставының старшыны Әділбай Маутанов 200 киіз үйімен, Көкпекті болыстығының старшыны Көшербай 200 үйімен, ал солтүстігінде Семей уезі қазақтары Жазық би және старшын Саржан Құлжанов 200 үйімен, старшын Байсұлтанов 150 үйімен және Уды-Бектанисов қазақ 30-50 үйімен Қарқол жайлауымен Үшбұлақ жерінде егіншілікпен айналысып жатты. Осы сияқты Сергиополь уезі қазақтары Семей облысы өңірінде көшіп-қонып жүрді. Семей облысы қазақтарының Сергиополь уезінде көшіп-қонып жүргендерінің бір себебі, егістік жерлерінің жетіспеушілігінен еді. Аңырақай, Көкпекті болыстықтарының қазақтары 700 үй шамасында Сергиополь уезі жеріне кіретін Тарбағатайдың оңтүстігінде егіншілікпен айналысқан. Бұл жерлер егістікке қолайлы еді, өйткені ол жерлерге арнайы су каналдары тартылған. Жаз уақытында Сергиополь уезіне оларды кіргізбеу қысымшылық көрсету деп есептеліп, оларды осы отырған уақытта жергілікті басқармаға бағындыру керек болды. Бұның бәрі уақытша ереженің 91 параграфына сәйкестендірілген. Жазғы уақытта жайлауларға көшіп-қонуға тиым салынбады.

Жетісу облысындағы басқару ісінің жұмыс жасауынан уездегі әскери, полициялық және әкімшілік билік уез шенеунігінің қолына шоғырландырылды. Уез шенеуніктері казак әскери басқармасының әскери-әкімшілік міндеттері мен жергілікті әскери қадағалау қызметіне билік етуден босатылады. Уез шенеуніктерінің жұмыс барысы ереже бойынша көрсетілген уездік полиция ведомствасымен уездік мекемелер шаруашылық жұмыстарын қадағалаумен ғана шектелді. Уез шенеуніктерін сайлау және оларды қызметінен босату Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында Дала Генерал-губернаторына Әскер Губернаторының ұсынысымен тағайындалып, алынды.

Жетісу облысының Әскер губернаторының рапортында Семей, Қарқаралы және Сергиополь уездері қазақтарының арасындағы өзара келіспеушіліктің, ұрыс-таластардың жыл сайын ұлғайып, шиеленісе түскені жайлы айтылды. Генерал-лейтенант Колпаковский мұндай жағдайды бұлардың үш әртүрлі басқарма талабын орындаудан деп көрсетті. Олар кейде өз басқармасының бұйрығы мен шешімін орындамауынан және орыс әміршілерінің өз биліктері мен шешімдерінің қатаң орындалуын талап етпегендігінен олардың арасындағы барымта, дау, ұрыс-тартыс тоқтамайды. Олар әр ведомствалық шекараларда өз беттерімен жүре береді. Сондықтан 1882 жылы Колпаковский Жетісу мен Семей облыстары арасындағы Сергиополь және Қарқаралы уездерінің әкімшілік басқармасының қызметкерлерін емес, ауыл үлкендері мен ақсақалдарын шақырып, Ақшатау мен Құсақ тауларының бөктерінде съезд өткізуді ұсынды. Олар кімнің қай уезге наразылығы бар екенін анықтап, 1 наурызға дейін уез шенеуніктеріне тапсырып, өздері 15 мамыр күні сол съездге келулері керек болды. Бұл съезд басқармасының шығыны кінәлілер есебінен алынды [11].

1871 жылғы съезде қазақтардың бір-біріне жазған арыздары қаралды. Бір ғана Зайсан қазақтары Сергиополь қазақтарына 90 арыз жазған, оның 12-сі барымта. Сергиопольдықтар Зайсандықтарға 9 арыз жазып, оның біреуі барымта болып шықты. Осындай барымта,

тонаушылық, құн төлеу, адам өлтіру шиеленістерінің Сергиополь уезі мен Семей облысы арасында 1870, 1871, 1872, 1873, 1877 жылдарда кең етек алуынан, Бақты, Уәли, Балқабек ауылдарында съездер өткізіліп тұрды.

Келешекте уездер арасында жылына бір рет немесе екі жылда бір рет съездер өткізіп тұру қаралды. Қарқаралы – Верный арасында, Қарқаралы – Қапал арасында, Сергиополь – Семей, Қарқаралы арасында, Сергиополь – Зайсан приставы арасында. Енді шекара аралықта шек қоюдағы жетіспеушіліктер үшін де 4 пунктте съезд өткізу қарастырылды. Өйткені Көкпекті болыстығының кейбір қыстаулары Сергиополь уезінің шекарасымен жанаса шектелген.

Осындай даулы мәселелердің бірі болып, 1886 жылы 3 шілдедегі қазақтар арасында Мартұқ болыстығында өткен съездің №5187 бұйрығын облыс аймағындағы шекара мәселесін қайта қарауға ұсынуы нәтижесінде Семей және Жетісу облыстары аралығындағы шекараны өзгерту мәселесі туындайды. 1870 жылдары Ақшатау съездінде Сергиополь уез шенеунігі Щербаковтың қалауымен Құсақ және Бақанас өзендері Сергиопольдың құрамына енгізіліп, бұл жерлер Аякөз болыстығының бай қазағы С. Садырбаевтың пайдалануына берілген. Щербаков мырзаның Мартұқ ауылы жерінен Балхаш көліне дейінгі шекаралық жерді жүріп өтуден бас тартуы, Дегандель қазақтарының наразылығын тудырған.

1886 жылдың 10 сәуірінде Қарқаралы уезінің Бақанас болыстығының арасындағы шекаралық шекті Жетісу облысының Әскери Губернаторының 1870 жылғы 26 мамырындағы №3254 бұйрығында көрсетілгендей, бұл жерлер Сергиополь уезіне қарағаны сөзсіз. Ал осы уақытқа дейін Қарқаралы уезі бұл жерлерді өз жерлері деп есептеген. Өйткені 1870 жылы бұл жерлердегі шекаралық шекті белгілеуде Аякөз болыстығы жерлерінде Қарқаралы уезінің Бақанас болыстығының қыстауларының болғандығы анықталған. Енді бұл екі уез арасындағы жер дауы былай шешілді: Ақшатау тауларынан Балқыбек өзені Барлы-Қызыл жоталарына дейін, әрі қарай Салқынтүс бұлағына дейін. Осы жерден Ақыр және Алтын-Қалат жазықтарынан Қарабұжырға дейін. Одан Құсақ өзенінің ағысымен Дүкен жоталарына дейін. Әрі қарай Бақанас болыстығының Т. Такин қазақтың қыстаулары арасымен Аякөз қазағы Т. Сопин қыстауларының шекарасына, одан кейін Сарышоқы жоталарынан Тақрақ жерлеріндегі Бақанас болыстығының П. Қайтармысов қазақтарының күзеулері арасымен және Аякөз болыстығының Т. Молджигитовтың қыстауларынан Тақрақ және Қазанғап аралығындағы Қобы жерлерінен Ақжал-Қорым қыратына дейін. Осы жерден шекаралық шек Бақанас өзеніне қарай бұрылып, Қоянды жолына параллельді және Мартұқ ауылынан төмен Бақанас өзеніне қарай Бақанас болыстығының қазағы Д. Утсуминнің қыстауларынан Аякөз болыстығының И. Ақсибековтың қыстауларының шекарасымен Кетікбоз-талға дейін деп бөлінді. Әрі қарай Сергиополь уезінің Аякөз болыстығының шекарасына енгізіліп, Қарқаралы уезінің Дегандель болыстығымен көршілес қалтырылды. Енді осы Сергиополь уезі жерінен берілген жерлерден Қарқаралы уезінің қазақтары аспауы керек болды. Бұл кезде экономикалық тұрмыста колониялық ауылдарда территориялық-шаруашылық құрылым үлкен орын алды. 1867-68 жылдардағы реформадан кейін колониялық әкімшілік әр уезде уез шенеунігінің қадағалауымен ұйымдастырылған комиссия құрылды. Олар бірнеше әкімшілік ауылдарды болыстықтарға біріктіріп, олардың иемденген жерлерінің шекаралық шектерін анықтады. Осымен қатар бұл комиссия міндетіне сол уез халқының жағдайын, қыстау мен жайлаулардың орналасуын және уездің барлық әкімшілік бөлінісін картаға түсіру жүктелді. Территориялық принцип негізінде құрылған әкімшілік ауылдар бірнеше ұсақ шаруашылық ауылдардан тұрды. Олар өзіне тән ерекшеліктермен құрылған. Ауылдардағы үй басының саны өкіметтің заң ережесімен қаралмады, тек жалпы құқықпен қаралды.

1868 жылы Семей облысының болыстықтары мен уездерінің орналасуына ұйымдасқан Сергиополь уезінің комиссиясы осы уақыттағы уақытша ережеге сай нақты шекаралық белгілерді қоюдың қажеттігін баяндады.

Бұл жұмыстар екі облыс шекара аралығындағы шепте орналасқан округтарда жеке бойынша жүзеге асырылмақ болды. Егерде Семей облысының құрамында кеткен кейбір қыстау тұрғындары Жетісу облысының жерлеріндегі қыстауларынан ажырағысы келмесе, оған осы облыс құрамындағы Сергиополь жерінде мекен етуге тыйым салынбады. Бірақ олар өз қыстауларын пайдалану құқықтарынан айырылатын болды. Оларға Сергиополь уезінің Жетісу облысындағы қыстауларды пайдалана беру үшін бір талап қойылды, ол уақытша ереженің 83-бабына байланысты олар осы облыс құрамына енуі тиіс болды [11]. Қорыта келгенде, 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережеден» кейін Семей және Жетісу облыстарының аймақтық территориясы қайта қаралып, Семей облысынан Жетісуға өткен территориялар межесі қайта белгіленді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Идаров С. Журнал МВД. Часть 7. Журнал МВД. 1854. С.28-29,31.
2. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 2047, парақ 8-9.
3. ҚР ОММ қор 1, тізбе 1, іс 16, парақ 1, 2, 12.
4. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 80, парақ 2, 4, 5, 9, 10.
5. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 1828, парақ 2-11
6. ҚР ОММ қор 64, тізбе 1, іс 1944, парақ 1.
7. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 2045, парақ 1.
8. РФ ООММ қор 3, тізбе 6, іс 10008, парақ 1, 2.
9. ҚР ОММ қор 64, тізбе 1, іс 4009, парақ 1, 2, 14.
10. РФ ООММ қор 3, тізбе 9, іс 15614, парақ 1, 3, 5.
11. ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 2055, парақ 1.

Жалпы адамзаттық өркениет құндылықтарының мән-маңызы артып отырған бүгінгі күнде адамзат өз проблемаларын тек бірлікпен ғана шеше алады. Және де кез-келген бірлік пен өзара түсіністік диалогтан бастау алады.

Ф. Гүлен
